



## 1 мамыр-



# Қазақстан халқының бірлігі күні

### Ынтымағымыз ырысты, бірлігіміз бекем болсын!



**Құрметті аудан тұрғындары!**

Сіздерді 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Қазақстанда бұл мереке – патриотизм мен адалдық мейрамы ретінде қабылданып, елімізде тұратын басқа этностардың барлық топтары өздерінің ұлттық дәстүрлерін, мәдениетін, өзіндік ерекшелігін сақтауға мүмкіндік алды.

Қазіргі күнге дейін қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты сақтап отырған ел тұрғындары үшін ыстық ықылас пен достық ниеттің дәстүріне айналған айтулы мерекенің бірі болып табылады. Ел тыныштығының тұнығы бұзылмай, бейбіт елдің берекесін арттырып, алған асуларымыз бен жеткен жетістіктерімізге елімізде өмір сүруші барша ұлт өкілдері өлшеусіз үлес қосып келеді. Бұл жетістікті бағалау, оны сақтау жолында аянбай еңбек ету – әр отандасымыздың қастерлі міндеті. Біз – бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ жолында жұмыла отырып, Жаңа Қазақстанды құруға қадам бастық. Алдағы уақытта да еліміздің ынтымақ-бірлігіне ұйытқы болып, ауданымызды дамытудың даңғыл жолында топтаса білейік.

**Қадірлі жерлестер!**

Созақ жұрты деген бір шаңырақтың астындағы жерлестеріміздің ара ағайын достығы мен өзара түсіністігі одан әрі жалғасып, әрбір үйде татулық әрдайым берік болып, қашан да ынтымақ, бірлігіміз мәңгі жасай берсін!

Баршаңыздың отбасыларыңызға амандық, саулық, бақыт пен шаттық тілейміз!

**Мұхит ТҰРЫСБЕКОВ,**  
аудан әкімі,  
**Ордабек ЖӘМИЕВ,**  
аудандық мәслихат төрағасы.



## Мемлекет басшысы ҚХА Төрағасының орынбасарларын қабылдады

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының жаңадан тағайындалған орынбасарлары Акбаржон Исмаилов пен Аурика Дякты құттықтап, олардың мол тәжірибесі жаңа жауапты қызметті атқаруға септігін тигізетініне сенім білдірді.

Президентке ҚХА Төрағасының орынбасары-Хатшылық меңгерушісі Марат Әзілханов Ассамблеяның алдағы XXXII сессиясына

дайындық барысы жөнінде есеп берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев бірлік пен тұрақтылық қоғам өмірінің барлық саласында жүргізіліп жатқан кешенді реформалардың табысты болуының басты шарты екенін атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, Ассамблея бұл міндетті жүзеге асыруда айрықша рөл атқарады.

Президент барлық этникалық топ өкілдері арасында

өзара түсіністікті нығайту және Қазақстан халқын одан әрі ұйыстыру үшін жаңа тәсілдер мен жасалатын нақты қадамдардың маңызды екеніне назар аударды.

Президент ҚХА жұмысының маңызды бағыттарын атап өтті. Сондай-ақ, Ассамблеяның алдағы сессиясында идеологиялық және практикалық сипаттағы бірқатар маңызды мәселе көтерілетінін айтты.

## Шағын несие-жастарға несібе

Елімізде 800-ге жуық жас жеңілдетілген микрокредит алуға өтініш берген. 2,5%-бен берілетін микрокредитті жеке кәсіпкер ретінде тіркелген 21 жастан 35 жасқа дейінгі азаматтардың алуына болады. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі хабарлады. Жастарға берілетін шағын несиенің талаптары қандай?

Жастарды несиеге бағдарламасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы шеңберінде іске асырылып келеді. Мұндағы мақсат – жастардың өз ісін ашу немесе кеңейтуге жәрдемдесу. Несие мерзімі – мал шаруашылығын дамытуға арналса – 7 жыл, бизнестің басқа да бағыттары үшін 5 жылға дейін беріледі. Қатысушыларға жалпы сомасы 5 млн теңге үлестіріледі.



– Аграрлық несие корпорациясы жастарға шағын несие беру бағдарламасы аясында сенім білдірілген өкіл-агент ретінде құжат қабылдау, бизнес-жобаны бағалау, несие және кепіл туралы келісімдерді дайындау,

несие сомасын қарыз алушыға беру, несиенің пайдаланылуын тексеру, қарыз алушымен есеп айырысуды жүргізу, қарыз алушыдан төлем қабылдау және мерзімі өткен берешекпен жұмыс және уәкілетті органдарға есеп беру үшін жауапты. Өтініш берген сәтте жастардың кәсіпкер ретінде тіркелген уақыты 5 жылдан аспауға тиіс. Бағдарламаға жұмыс істейтін жастар да қатыса алады. Бүгінде шағын несиені алуға 761 өтініш түсті. Негізгі борыш пен сыйақы өтеу кезінде шағын несие мерзімінің үштен біріне дейін жеңілдік кезеңі қарастырылған. Несие кепіл мүлікпен қамтылуы міндетті. Кепіл ретінде жылжымалы арнайы техника және жылжымайтын мүлік қабылданады. Кепіл мүлік болмаған жағдайда кепіл берушілер басқа туыстары өз

кепілдерін бере алады, – деді «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Астана филиалы директорының несие-леу жөніндегі орынбасары Олжас Баймаханов.

Кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға бағытталған микрокредит жылжымайтын мүлікті, оның ішінде тұрақты тұрғын үйлерді, жер учаскелерін, бағалық қағаздарды және қаруды, құрамында есірткі заттары бар тауарларды, ойын бизнесін ұйымдастыруды, ел заңнамасына қайшы келетін және темекі немесе алкоголь өнімдерін сатып алуы көздейтін жобаларға берілмейді.

Айта кетейік, шағын несие беру туралы шешімді әкімдік жанынан құрылған комиссия қабылдайды. Оған мәслихат депутаттары, мемлекеттік органдардың, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының, кәсіпкерлер, БАҚ өкілдері кіреді.

«Созақ үні»-ақпарат.



364 миллион теңге көлемінде алғашқы транш алды. 2022 жылғы ақпанда 12%-ға баламалы жай акцияларды қабылдау-беру актісіне қол қойылды. 2023 жылғы 28 наурызда сатып алушы екінші траншқа 849 млн теңге көлемінде төлем жасады, сондай-ақ төлемді кейінге қалдырғаны үшін 163 млн теңге сыйақы төледі. 2023 жылғы 11 сәуірде қалған 28% акцияны қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылды. Сыйақыны ескергенде, Қазатомнеркәсіптің «Каустик» АҚ-дағы

## Қазатомнеркәсіп «Каустик» АҚ-дағы қатысу үлесін өткізді

«Қазатомнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания», «Қазатомнеркәсіп» немесе «Қазатомнеркәсіп» ҰАК) АҚ «Каустик» АҚ-дағы өз үлесін өткізгені туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен өнеркәсіптік кәсіпорын Жеке-шелендірудің кешенді жоспары шеңберінде бәсекелестік ортаға беруге жататын ұйымдардың тізбесіне енгізілді.

2021 жылғы 30 желтоқсанда «Қазатомнеркәсіп» ҰАК АҚ мен «Біріккен химиялық технологиялар» сауда үйі» ЖШС арасында «Каустик» АҚ акцияларының 40% пакетін сатып алу-сату шарты жасалды. Нарықтық құнын тәуелсіз бағалауға сәйкес Компания үлесін сату бағасы 1,2 млрд теңгені құрады. Шарттың талаптарына сәйкес бағалы қағаздар үшін төлем бөліктерге бөліп жүргізілді. 2022 жылдың қаңтарында Қазатомнеркәсіп

үлесін сатудың жалпы сомасы шамамен 1,4 млрд теңгені құрады. Осылайша, «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ Компанияның дербес шотынан бағалы қағаздарды есептен шығарды және «Каустик» АҚ-да Қазатомнеркәсіпке тиесілі барлық акцияларды сату жөніндегі мәміле толығымен аяқталды.

**Нұржамал МАЙУСОВА.**

## Аудан көлемінде «Таза ауыл» ЭКО-акциясы жалғасуда

Аудан көлемінде «Таза ауыл» эко-акциясы аясында кезекті сенбілік ұйымдастырылып, тазалық жұмыстары жалғасуда.

Аталған акция аясында өтіп жатқан шара аудан орталығы мен барлық ауыл, кент округтердің аумағын толық қамтыды. Шолаққорған ауылының ішкі көшелеріне жауапты өтіп бекітілген бөлім, мекеме мамандары санитарлық-экологиялық акция аясында өткен тазалық жұмыстарына белсене қатысты.

Әр мекеме өзіне жүктелген аумақты қоқыстан тазартып, ағаштардың түптерін ақтады. Арық-атыздар мен көше бойлары ретсіз тасталған тұрмыстық қалдықтардан тазартылды.

Сонымен қатар, аудан әкімдігіне қарасты бөлім, мекемелер тарапынан Шолаққорған ауылының орталық маңызы бар С.Қожанов және Жібекжолы көшелерінің бойында орналасқан 15 кәсіпкерлік нысан мен 20 тұрғын үйдің қасбеттері ретке келтіріліп, сырлау жұмыстары жүргізілді.

Айта кетейік, бүгінгі аудан көлемінде ұйымдастырылған сенбілікке 1480 адам, 13 арнайы техника тартылды. 38 шақырым көше бойлары мен 11 шақырым аяқ жолдар ретке келтірілді. Өзен-көлдер мен арықтардың 18 шақырымы тазаланып, полигонға сенбілік барысында жинақталған 145 тонна қоқыс тасымалданды.

**Аудан әкімінің баспасөз қызметі.**



## ХАБАРЛАНДЫРУ

**2023 жылдың 14 мамырға тағайындалған Қарақұр ауылдық округі әкімі лауазымына тіркелген кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары және сайлаушылармен кездесу кестесі**

Елді мекен атауы	Жиындар өтетін күні, уақыты	Жиындардың өтетін орындары
Қарақұр а/о	06.05.2023 жыл сағат 10:00 де	№709 Қарақұр учаскесі Қарақұр ауылдық округі Ауылдық мәдениет үйі
Раң	05.05.2023 жыл сағат 11:00 де	№710 Раң учаскесі Раң елді мекені Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Б.Батырбекова атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Раң көшесі №1А
Шаға	11.05.2023 жыл сағат 15:00 де	№711 Шаға учаскесі Шаға елді мекені Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «С.Бақбергенов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, №20Б

## Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары

қ/с	Белгіленген орындар
1	Қарақұр ауылдық округі, Қарақұр елді мекенінің орталығындағы тақта
2	Қарақұр ауылдық округі, Раң елді мекенінің орталығындағы тақта
3	Қарақұр ауылдық округі, Шаға елді мекенінің орталығындағы тақта

**Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ!

**Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің назарына!**

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге мемлекет тарапынан жеңілдетілген жанар-жағар майды (дизель отынын) жеткізіп беруші ТОО «GREENFUEL» операторы Сәбит тел.8-702-202-00-01 ұялы телефоны, бағасы 205 теңгеден сатылымда тұрғандығын, қазіргі таңда жеңілдетілген жанар-жағар май Шолаққорған ауылдық округіндегі «AQNIET-2» жанармай құю бекетінде, Созақ ауылдық округіндегі «Теріскей» жанармай құю бекетінде тұрғандығын, ауылдық округтері мен кенттері әкімдіктерінің берген ұсынысына сай алуға ниет білдірген шаруаларға кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінен талон арқылы берілетіндігі хабарланады. Қосымша ақпаратты Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің ұялы телефоны - 87785941710 арқылы хабарласып біле аласыздар.



## АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің мамандары мемлекеттік бағдарламалар бойынша NEET санатындағы жастарға ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Оның ішінде 17 аудан, қала бойынша 4 қала, 1 кент, 38 ауыл округ, 7 ауыл мен 13 елді мекенде кездесулер ұйым-



дастырылып, 1860 жас қамтылды.

Түсіндірме жұмыстары барысында жастар мамандары тұрғын үйлерді жеке аралап жұмыссыз жастарға, «Жастар практикасы», «Алғашқы бос жұмыс орны», «Қоғамдық жұмыс», «Әлеуметтік жұмыс орны», «Жасыл ел», «Бастау-Бизнес» және «Ұрпақтар келісім-шарты» жөнінде мәліметтер берілді.

Сондай-ақ, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын шағын несие мен 21 жастан 35 жасқа дейінгі жас кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған 2,5% несие жөнінде де толыққанды мағлұматтар айтылып, жадынамалық парақшалар таратылды. Мемлекеттік бағдарламалар бойынша кездесулер мен насихаттау жұмыстары жылдың соңына дейін жалғаспақ.

**«Созақ үні»-ақпарат.**



## Сын мен сырға толы апталық

«Қарағұр» жалпы орта мектебінде сәуір айының екінші онкүндігі аралығында мектептің жоспарына сай «Бастауыш бастама, білім жолын бастаған» атты бастауыш сынып пән әдістемелік бірлестігінің ұйымдастырумен пән апталығы болып өтті. Апталықтың алғашқы күні сабаққа келген бастауыш оқушыларын сынып мұғалімдері әдеттегідей көтеріңкі көңіл күймен қарсы алды. Бұл күні сынып мұғалімдері мектептің кіре берісіне, актив залдарға безендіру жұмыстарын өз қолдарымен жүргізіп тастады.

Ашылу салтанатын биыл бастауышпен қоштасқалы отырған 4 сынып оқушылары Бекайдар Ерасыл, Бекайдар Нұрасыл жүргізді. Алғашқы сөз кезегін мектеп директоры Талғат Малбағаров алып, бастауыш сынып мұғалімдер мен оқушыларға сәттілік тіледі. Апталық бағдарламасымен бастауыш әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Г.Асанова таныстырып өтті. Шара ашылуында директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қанат Смайл мен директорының бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары Хадиша Мүшекенова ұстаздар мен оқушыларға игі тілектерін білдірді. Ән мен биден шашу шашылды. Ары қарай іс-шара жалғасын тауып 1 сынып оқушыларының ашық сабағы басталып кетті. 1"а" сынып пәні ана тілі сабағы Нұр-Сұлтан мен Алматы тақырыбында өтті. Пән мұғалімі Қызғалдақ Әбдиева апай сабақты жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып өткізді.

Ал түстен кейін өткен «Жас математиктер» сайысын ұстаз Гүлбу Есіркепова ұйымдастырды. Пән мұғалімдері Есенқұлова Гүлнара, Асылбекова, Асанова Гүлшат апайлар ашық сабақтарын жаңа әдістерді қолдана отырып қызықты әрі тартымды өткізді. Қазақ тілі пәндерден ашық сабақты пән мұғалімдері Қарлығаш Досыбаева, Жылқыбаева Зәбира апайлар жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып қызықты өткізді.

1-4 сынып аралығында «Көркем жаза білейік» байқауын Тұраш Исабекова, Жанар Кәкімжанова, жас маман Сапарбекова Балжан сияқты ұстаздар сайысты өте тартымды жүргізе білді. Осы апталықта белсенділік танытқан ұстаздар мен жеңіп атып отырған оқушылар арнайы Алғыс хаттармен марапатталды. Ұстаздар мен оқушылар мектеп оқушылары дайындаған түрлі қойылымдар мен концерттік бағдарламаларды тамашалады. Мектеп директоры Малбағаров Талғат ағай апталыққа қатысқан жеңімпаздар мен олардың жетекші ұстаздарына алғысын білдірді.

**Гүлнар ЕСЕНҚҰЛОВА,**  
«Қарағұр» жалпы орта мектебінің  
бастауыш сынып мұғалімі.

## Ата-ана тілегі



Бастауыш мектеп-білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Бастауыш мектептің міндеті-жеке тұлғаны дамытып, оның алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету, білімге деген сезімін нығайту, іскерлігі мен дүниетанымын қалыптастыру, оқуға деген қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру, осы міндеттерді

жүзеге асыратын басты тұлға-ұстаз. Осы орайда «Қарағұр» жалпы орта мектебінде бастауыш бірлестігінің ұйымдастыруымен 2022-2023 оқу жылының 17-21 сәуір аралығында өткен «Бастауышым бастама-білім жолын бастаған» атты апталыққа оқушылар белсене қатысып, мақтау қағаздарымен марапатталды. Апталық жоғары дәрежеде өтті. «Көркем жаза білейік» жарысында 1-орынды Аяна қызым иеленді. Бастауыш сынып апайларына алғысым шексіз! Шәкірттерді білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беріп, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, дұрыс бағыт-бағдар берудесіздер. Сондықтан да әрдайым шәкірттеріңіздің құрметі мен махаббатына бөлене беріңіздер. Шығармашылық ізденістер, ғылыми жаңалықтарыңыз арта берсін! Балаларымыз бізді әрқашан қуантудан жалықпасын!

**Дархан ӘЙГЕРІМ,**  
ата-ана.

# ЖҰМЫЛА КӨТЕРСЕК ЖҮК ЖЕҢІЛ БОЛАДЫ

Аптаның сейсенбісі күні аудандық ардагерлер кеңесінің мәжіліс залында жаңалығы мол жиын өтті. Жиынға негізінен ақылдастар алқасы, аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімі қызметкерлері, әжелер кеңесінің алқасы, ауылдар мен елді мекендердегі ардагерлердің бастауыш ұйымдарының төрағалары, жастар орталығының қызметкерлері, жастар, аудан әкімдігіне қарасты бөлім басшылары, білім, мәдениет бөлімдері, аудандық ардагерлер кеңесінің мүшелері тайлы таяғына дейін қалмай келген екен, келелі жиын боларына бек сендік. Облыс аумағында үздік атанып, «Үлгілі аудандық ардагерлер кеңесі» деген атақты иеленген Созақ аудандық ардагерлер кеңесінің іс тәжірибелерін облыс, республика аумағында тарату мақсатында және алдағы мамыр айының аяғында Түркістан қаласында өтетін «Өнерлі өлке» фестиваліне іріктеу мақсатында аудан орталығы Шолаққорған ауылында 24 мамыр күні аудандық көрме өткізілмек. Ол көрмеге он екі ауыл әкімдігіне қарасты ардагерлер ұйымдары бір-бір шаңырақтан киіз үй тігетін болады. Киіз үй көркем безендіріліп, түрлі ұлттық нақышпен жабдықталып, ақ дастархандарда дәмі тіл үйірей ұлттық асхана мәзірлері қойылып, алыс жақыннан келген қонақтарға құрметпен ұсынылатын болады. Расында «Жас келсе іске, қарт келсе



асқа» демекші негізінен келетін ақсақалды аталарымыз бен ақ жаулықты аналарымыз болғандықтан олардың ас-суына дейін ойластырылып жатыр екен. Келген қонақтарға:

*Бір үйде жиюлы екен қазына мал,  
Көрсетті бәрін бізге ақсақал шал:*

*«Бұрынғы атамызға сыйға берген,*

*Біздерде мынадай бар, мынадай бар!..»* деп ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров жырлағандай Теріскейдің киелі, қасиетті, тарихи орындарын аралап, демалып, ойға ой түйіп, өздеріне молынан тәжірибе жинақтап қайтатын болады. Үздік ардагерлер кеңесі деген абыройлы атақты іс жүзінде көрсету үшін аудандық ардагерлер кеңесі дайындықты бір ай бұрын ба-

стап кеткен сияқты. Ойы қыры ауданымызға өзге аудан, қалалардан жүзге жуық меймандар келеді деп күтілуде. Соымен қатар, әрбір ауыл көнерген, ескі, ұмыт қалып бара жатқан салт-дәтүрлерді жаңарту, жаңғырту мақсатында бір-біреуден шағын сахналық көрініс көрсететін болады. Бұл шара ауданымызға үлкен сын болғалы тұр. Сол себепті әрбір азамат аудандық ардагерлер кеңесіне барып өздерінің сан қырлы ұсыныс пікірлерін білдірулеріне болады. Әрине, ой елегінен өтердей болса дегенім ғой. Не десек те сырттан келетін меймандардың көңіл төрінен шығып, ел мерейін Түркістан шаһарында асқақтатып жатсақ нұр үстіне нұр болар еді.

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**

## Құқықтық мәдениетті көтеру-уақыт талабы

Азаматтардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін арттыру, заңға құрмет сезімін ояту – барлық мемлекеттік органның стратегиялық бағыттарының бірі. Парламенттік басқару жүйесіне көшкен елде халық үнін естуші мемлекет тәжірибемдасасы бекітілген. Өйткені бұл әркім өз міндетінде жауапкершілікті атқаруға үндейді. Еліміздегі әрбір азаматтың Конституциялық Сотқа өз шағымымен баруына жол ашылды. Яғни, сот жүйесіне деген сенімділік пен заңға құрметті арттырудың арғы жағында қоғамдағы құқықтық мәдениетті, адамдардың құқықтық сауаттылығын арттыруға серпін береді. Халықтың құқықтық сауаты есепнен елде құқықбұзушылық азаймайды, қылмыс статистикасы төмендемейді. Егер әрбір қазақстандық мемлекеттің игілігі үшін қабылданып жатқан нормативтік актілерден хабары болып, өз құқығын қорғаудың заңды жолын білсе, әділетсіздікке тосқауыл болады. Жеңышынан жалғасқан жемқорлықтың да жолы кесіледі. Ал әрбір азаматтың құқығы қорғалған мемлекет халықаралық деңгейге сай бәсекеге төтеп бере алады. Қазір алаяқтардың құрбаны болғандардың артуы сайып келгенде құқықтық сауаттылық жоқтығы. Сол үшін құқықтық мәдениетті қалыптастырып, білімді ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі қоғамның басты талабы. Бұл адамның жеке мүддесі тұрғысынан ғана емес, ішкі және сыртқы күрделі мәселелерді шешуде құқықтық мәдениетті қалыптастыру ісін қайта қарау маңызды. Ол үшін құқықтық білім беру, құқықтық сананы қалыптастыру, жауапкершілікті арттыру міндеттері алға шығуы тиіс. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында айтып өткендей, заң үстемдігі орнықпаса, азаматтардың қауіпсіздігіне кепілдік берілмесе, әлеуметтік-эконо-

микалық дамудың бірде-бір міндеті табысты жүзеге асырылмайды. Егемен елдің дамуында азаматтардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін дамытудың маңыздылығы осында болса керек. Мысалы, халық мүддесіне қатысты заң нормалары адамдардың санасы мен еркіне сүйеніп дайындалады. Сондықтан заң нормаларында белгіленген талаптарда адамдардың саналы әрі ерікті іс-әрекеттері нәтижесінде орындалады. Кезінде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «заң шығарушылар халықтың қағидалы қалпын, салтын, мінезін жақсы білуі тиіс. Оны білмей шығарылған заң халықтың түзелуіне емес, бұзылуына себеп болады» деген. Сол айтқандай, халықтың сана-сезімі ояу, құқықтық санасы қалыптасқан болса, заң шығарушылар елдің игілігін алдығы орынға қояды. Осылай қабылданған заң азаматтардың алтын қағидасына айналады. Мемлекет мүддесі үшін жұмыс істейтін құнды құжат болады. Бүгінде мемлекет жүргізіліп жатқан құқықтық түсіндіру жұмыстарына, сондай-ақ оны жаңа сапалық деңгейге көтеру үшін нормативтік-құқықтық актілерге ерекше назар аударып келеді. Қазіргі таңда Сызған ауылдық округі бойынша ауыл әкімдігі тарапынан 2021-2023 жылдар аралығында тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында семинарлар, дөңгелек столдар, хаттамалық тапсырмаларға сәйкес түсіндіру жұмыстары жиі өткізіліп құқықтық мәдениетті қалыптастыру тақырыбында ауылдың орталық көшелеріне банерлер ілінген. Ауыл халқының құқықтық түсіндіру жұмыстары үшін құқықтық түсіндіру жұмыстары өз жалғасын табуда.

**Б.ЖАППАРКУЛОВ,**  
Сызған ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

# АСПАНДАҒЫ АЙҚАС

Ақиық алғыр қыранды көргенде немесе ол жөнінде сөз бола қалғанда бір аяулы досымның мінезі еске түседі. Ол аңшы да, саятшы да емес-тін. Тек қыранға құмар жан болатын. Ол әрдайым қырандар жайлы сыр шертетін. Атамыз саятшы дейтін. Оның қыранға деген әуесқойлығын сөз ететін. Сол атасынан есіткен болу керек, қыран құстар-бүркіт, қаршыға, қырғи туралы қызықты әңгіме шертетін. Бүркіттің қасқырды қалай бүретінін, қырғидың қияндағыны қалай қағатынын қызыға отырып айтатын. Жұдырықтай тұрымтайдың тепкісін айтып бізді қайран қалдыратын. Жастайынан қыран құсқа ғашық болған сол досымның кейін ұшқыш болып, Ұлы Отан соғысында қаза тапқанын көп жылдардан соң барып есітемін деген ой менде болып па еді?

Біріміз Түркістан қаласындағы Ленин мектебінде оқитынбыз. Кезінде Гани Мұратбаев, Саттар Ерубәев оқыған сол мектебімізді өзіміз мақтаншы тұратынбыз. Қызыл кірпіштен қаланған мектеп ауласында ойын қызып жататын. Жаздың жайдары күндерінде өңкей көк майсалы он-он бестер шамасындағы жас бүлдіршіндердің бір тобы волейбол ойнаса, бір дүрмегі ақшана боп кеткен допты қуалайтын. Біреулері турникке асылып, кейбірі қабырғасы майысып гир тас көтеретін. Мұның бәрі сабақтан соң шұғылданар ісіміз болатын.

Осы ойындардың бәріне қосыла бермейтін момақан ғана келген томпиған қара домалақ бала болушы еді. Ол өне бойы қағаздан самолет қалақшасын жасап, оны қайшы сабағындай қамысқа қаптырып алып, ауланы айнала жүгіріп, дамыл таппайтын. Бұл оның «ұшқыш» болғаны кең аспанды «шарлағаны» еді. Егер төбеден гүрілдеп самолет өте шықса болғаны, ол оған сүйсіне қарайтын. Қашан қарасы үзіліп кеткенше сол ноқаттан көз жазбайтын.

Бұл-Құрал Рүстемов еді. Ол өзін оңтүстіктің Созақ жағынан, Қозмалдақ деген жерденмін дейтін.

Жұқа өңді ақ құбаша келген Сатан Жақыпов та сол жерден болатын. Құрал екеуі ағайынды кісінің баласындай үнемі бір жүретін. Құрал аңқау, момындау. Сатан ширақ өткір тілді еді. Екеуі тетелес баладай тез ұрысып, тез татуласып шағыстыратын да табыстыратын да (көбінесе) бидай өңді, пісте мұрын Қыздарбеков Мырзахмет пен жатаған келген, дәудірлеп сөйлейтін аңқылдақ Шәріпов Сатылған болатын.

Көркем шығармаларды көбірек оқитын Сәуірбек, Сатан, Қанан бәріміз «Мектеп айнасы» деп аталатын қабырға газеті төңірегін табылсақ, Мырзахмет, Есмұрза, Сатылған, Сәрсенбай, Татубай, Қойшыбай, Ақжан, Әжібай, Шәріп, Әбіш тағы бір қатары пионер ұйымы жұмыстарымен жүретін. Ал Құрал төңірегіндегі бес-алты баланы әр кез моделістер үйірмесінен көретінбіз. Құрал жұқа тақтайдан қос қанат аэроплан моделін жасап алып, онысын қайда жүрсе де қолынан тастамайтын.

Бір жолғы демалыс күні он шақты бала қала сыртындағы «Қарашық» өзеніне шомылуға бардық. Июль айының орта шені болатын. Бәріміз арқырай аққан салқын суға шомылып, жағадағы құмға аунаймыз, бір-бірімізді қуалап «жалақ» ойнаймыз. Бұл кәдімгі «Көкпар» сияқты жүйріктікті, суда жүзгіштікті сынайтын ойын. Өстіп бір-бірімізді қуалап, суға күмп беріп жүргенде біріміз Құралдың өзен жағалауындағы киімі жанында жатқан моделін басып кетіп, сындырып қойдық. Құрал екпелеп қалды. Томсырайған күйі ол жағада қалып қойды. Бұрқылдаған шаңдақ жолмен қалаға бет алып келе жатқанымызда, аспаннан гүріл естілді. Бәріміз төбеге қарасақ, ақ



шарбы бұлттарды тілгілеп бір қос қанат Қаратауға қарай самғап барды екен. Өзен жағасында қалып қойған Құралдың «самолет», «самолет» деп ортамыздан жүргіргенін айтсаңшы! Киюге үлгермеген көк майкасын бұлғақтатып келеді ол самолетті көріп қуанғаны сонша, ол бізге жете берді де:

-Анау самолетті көрдіңдер ме, менде сондай ұшқыш боламын, деді. Қой көздері күлімдеп, жүзі жайрандап кетті. Ол өсе келе ақыр сол дегеніне жетті.

Бұл мынадан басталды: жасымыз 16-ға толған соң балалар үйі бізді ересек болды, ер жетті деп жанжаққа тарата бастады. Біріміз-ФЗУ-ға, біріміз курсқа кеттік. Әлі жастау

шақырылды. Құрал ұшқыш боламын деп жүріп, ақыры астана аэро клубында курсант боп қалды. Қалғанымыз атқыштар полкының әр взвод, бөлімдеріне тарап кеттік.

Артынша Ұлы Отан соғысы басталып кетті. Бәріміз майданға аттандық Әрқайсымыз майданның әр тарабында жаумен шайқаста жүрдік. Бұл кезде ұшқыш боп шыққан Рүстемов Құралды Сталинград майданында, Қыздарбеков Мырзахметті Харьков түбінде деп есіттік. Ал Сатан Жақыпов болса бізден ажырасқан соң Созақ аудандық партия комитетінде бітіреді де майданға аттанады. 1943 жылы жерлесі Шүлен Баймахов (бүгінде «Сызған» совхозында бухгалтер) Сатанмен Украина майданында кездескен, Сатанның басынан да талай оқиғалар өтіпті. Кейін «қара қағаз» келген. Баласының бұл хабарын есіткен анасы Шақай жеті күннен кейін құсқадан қайтыс болады.

Мен Москва түбіндегі, кейін Калинин майданындағы қазақстандық атқыштар дивизиясында алғы шепте жүрдім. Ал Сатылған Шәріпов, Сапарбек Момбаев, Әбіш Тәкенов және басқалардың қай тарапта жүргені маған беймәлім боп қала берді.

Майданда жүргенде, кейін жараланып ауылға келгенде де, сол бір достар қайда екен деп жүрдім. Бір жолы арнайы тапсырмамен Жамбыл облысының «Байқадам» совхозына бардым. Сол жерде совхоз патия ұйымының секретары Ерсейітов Рахымжан мені Мырзахметовпен табыстырды. Ол «Байқадам» совхозында бухгалтер екен. Екеуміз екі-үш күн

аша бергенімде бір фотосурет көзіме оттай басылды. Қарасам, кәдімгі Құралдың өзі. Сурет астында «Гвардия лейтенанты Құрал Рүстемов» деп жазылыпты да, оның қасындағы түлкі бөрікті, сақалы омырауына түскен қарияны-Құралдың әкесі Рүстем Томпышев 84 жаста, қазір Созақ ауданы «Сызған» совхозында тұрады депті. Ол жөнінде жазылған мақаланы Орынборлық Александр Черешнев жазыпты. Ол майданда Құралмен бірге болған штурман екен. Газет бетінде өзінің ұшқыш достарының ерлік жолдарын қысқаша баян еткен. Мақаланың аяқ жағында Құрал Рүстемовтың Чехословакия аспанында мерт болғаны айтыпты. Бар болғаны сол. Көңілім қобалжып кетті. Ал да абыз, асыл ерім-ай, қыршын кетіпсің-ау.. Дерексіз кеткен қанды көйлек досымнан жиырма бес жылдан кейін ақбар беріп отырған сол бір мақаланы қайта-қайта оқи бердім. Оқыған сайын Құрал көз алдыма елестей берді. Ол тіріліп келетіндей болды да тұрды.

Көп кешікпей досымның хабарын жеткізген редакцияға жолым түсті. Газет қызметкерлеріне алғыс айттым. Мақала авторының адресін алып, сол жерде хат жаздым. Балалар үйінде Құралмен бірге тәрбиеленгенімді, бір партада отырып, бір класта оқығанымды айттым. 1941 жылы соғыс басталғанда екеуміз екі жаққа кеткенімізді, содан бері оның қайда екенін біле алмай жүргенімді білдіріп, одан хат жазуды өтіндім. Көп ұзамай жауап та келді. Черешнев хатында былай депті. «Мен оны 1942 жылдың күзінде білемін. Құрал екеуміз алғаш рет штурмандар даярлайтын жоғары мектепте бірге оқыдық. Содан соғыс аяғына дейін, яғни оның өмірінің ақырғы күніне дейін бірге болдым. Алысқа ауыр бомба алып ұшатын авиабөлімде төрт дос ылғи бірге ұшып жүрдік. Талай рет жау тылына атой салдық. Қару-жарақтарын, эшелон, қоймаларын бомбаладық. Жау самолеттерімен әуеде шайқастық. Небір оқиғалар бастан өтті. Орыс Вася Кошелов қырық төртінші жылдың майындағы бір әуе ұрысында қаза тапты. Қазақ Құрал Рүстемов 1944 жылдың 17 октябрінде Чехословакияның Брезно қаласы маңында апатқа ұшырады. Ал, мордовалық Миша Сысуев беріде, 1964 жылдың октябрінде қайғылы қазаға ұшырады. Көріп отырсыз сол төртеуден қазір жалғыз өзім қалдым. Мен оларға мәңгі ескерткіш етіп, естелік жазып жатырмын..»депті.

Арада бірер жыл өтті. Октябрь мерекесінің қарсаңында Александр Черешневтен тағы бір хат алдым. Ашып қарасам «Крылья Родины» газетінде жарияланған естелігін жіберіпті. Авиаучилищені бітірген соң бір топ курсанттармен бірге Құрал Рүстемов штурмандардың Рязаньдағы жоғары метебіне жіберіліпті. Оларды Совет Одағының Батыры атақты штурман А.В.Беляков қабылдапты.


Бұл даңқты штурманды Құрал сырттай орта мектепке оқып жүргеннен білетін-ді В. Чкалов, Г. Байдуков А. Беляковтың «АН-25» самолетімен Солтүстік полк арқылы қонбастан Америкаға ұшып барғаны, олар жөнінде қазақтың Сәбит, Асқар, Әбділдә, Ғали ақындары жарыса поэма жазғаны мәлімді. Ол поэмаларды Құрал Сатан, Мырзахмет-бәріміз талай рет қызыға оқып үзінділерін жаттағанымыз да бар.

Құрал енді сол батырды жүзбе-жүз көріп тұр.

Кәнігі штурман сапта тұрған курсанттарды қырағы көзімен бір шолып өтті де:

-Түнде ұшып көргендерің бар ма? деді. Саптан үш-төрт курсант қана алға шықты.

(Жалғасы бар).



деген бір тобымызды Меркедегі мектеп-интернатқа жіберді. Біз бір класта оқитын Құрал, Сатан, Мырзахмет, Сатылған-бәріміз сонда бардық. Онда қазіргі Тұрар Рысқұлов атындағы мектепте оқыдық. Осыдан келген жылы бәріміз комсомолға өттік.

Тоғызыншы класты бітірер жылдың жазында КАЗГУ-дің жанында үш айлық даярлық курс ашылып, Құрал, Мырзахмет, Сатылған, Сапарбек-бәріміз соған түстік. Курсты тамамдап, университеттің бірінші курсына этихан тапсырдық. Көңілді бір демдеп, студент болып оқи бастады.

Сол жылдың күзінде жасымыз 18-ге толып, әскери комиссариатқа

бірге болып, өткен-кеткеннен әңгіме қозғадық. Мұндайда балдай тәтті балалық шақ сөз болмай қалған ба, бірге өскен достар, олардың айтқан сөздері, әрқайсысының өзіне тән мінез-құлықтары, бүгінде қайда екені, көбісінің майданда құрбан боп хабар-ошарсыз кеткен-бәрі-бәрі еске алынбай қалмады.

Мырзахмет Харьков маңындағы шайқастарда пулеметші бопты. Талай айқастарға қатысып, екі рет жараланыпты. Ең соңғысында екі қабырғасы сынып, госпитальға түскен, одан ауылына келген.

Енді қалғандары қайда екен деп жүргенде, тағы бір дерекке тап болдым. Жаңадан келген «Оңтүстік Қазақстан» газетінің екінші бетін

Балалық шағымыздың балдәурен, қызықты шағы өткен Қарағұр ауылы, осы ауылмен іргелес Шаға ауылы шаттықты, шадыманды, алаңсыз бала күндердің көңілден кетпес куәгерлері болды. Мектеп қабырғасында жүріп газет-журналға құмар болып өстім. Ауылдағы кітапхана мен газет-журнал тарататын ауыл поштасының есігінен енгеннен керемет ісі болатын. Ол жаңа кітаптың, жаңа келген газет-журналдың ісі. Поштада Сақыпжамал апамыз газет-журналдарды көше-көшеге бөліп, почтальондарға таратуға беретін. Бүгінгідей компьютер деген, ұялы телефон деген атымен жоқ. Бірен-саран үйде ғана теледидар. Оның өзі бірі орысша «Мәскеу» каналы, енді бірі орысша қазақшасынан басым «Алматы» арнасы. Ал енді обалы не керек әр үйде бес

болды. Мектебіміздің мақтанышы болатын. Жұбайы Қанатпен де Сызғанда жүргенде танысып едім. Бүгінгі әңгімеміздің кейіпкері Үсенов Мейірхан ағамыз. Пошта байланыс саласының ардагері. Сақыпжамал апамыз 1966 жылдан бастап 16 жыл ауылдың байланыс, пошта саласында үздіксіз еңбек етіп зейнет демалысына шықты. Иә, анасының ізгі жолын жалғаған Мейірхан аға әпкесі мен анасының қолында болды. Несіпкүл апай екеуі ардақты ата-ананы арулап қолдан шығарды. Көзі тірісінде ақ баталары мен разылықтарын алды. Бүгінде әлдебір ата мен әже қатарында. Мейірхан аға өзінің 46 жыл 2 ай еңбек өтілінің 19 жылын пошта саласына арнап Нысанбаев Айдархан, Әжиев Дәулет, Нұртаева Қалдыкүл, Елбергенұлы Сәбит, Бимендиев Алшынбек, Смай-



дегеніміз 498 отбасы бір жылда түгел жазылып шығады деген сөз. Сондай-ақ пошта, дүкен әңгіменің ордасы. Поштаға келген кісілер күн шуақтап түске дейін бастары қосылып әңгіме айтады. Ауыл жаңалығы, аудан, облыс дегендей, сонда «Оңтүстік Қазақстан», «Созақ үні» газеттерін шыққан қызықты мақалалар жөнінде әңгіме қозғаймын. Көбісі оқымаған болып шығады. Жазылмаса қайдан оқиды? «Кетер кетер бір қойдың жүні кетер» демекші газетке жазылмайсыздарма онда міндетті медициналық сақтандыру, еңбек ақы, жем-шөпті қайдан алуға болады. Кәсіпкерлік, тамшылатып суғару, бизнес жоспар, зейнетақы, түрлі әдеби шығармашылық байқаулардан хабарландырулары, ауыл тұрғындары туралы, еңбек адамдары туралы, Алаш арыстары, тарих,

## Ақпарат айдыныңның насихатшысы

сомдық «Арман» деген радио болатын. Таң алакеуімнен кеш батқанша сол байғұс ғана қазақ тілінде сөйлейтін. Әбілдақызы Сақыпжамал апай менің «Қазақстан пионері» газетіне жазылғанды біледі. Өйткені жазылған күннен қылтиып барып тұрамын. Менің газетке-журналға құмар екенімді біліп барлық газетті келіп, пошташыларды жіберген соң артылған газеттен бір-екі данасын беретін. Орысша болса да үйге апарып оқитын едім. Сол Сақыпжамал апайдың арқасында газет деген құдіреттің қадірі мен қажетін түсініп өстік. Анам Загиға Тұрсынқызы мектеп кітапханасында қызмет еткен жылдары сол кітапқа, газет-журналға деген қызығушылық жалғаса түсті.

Сол жылдары бір ауылдың іші болған соң Оразбай көкемізді мектеп ауласынан жиі көретінбіз. Ол кісі мектеп оқушыларымен кездесуге жиі келетін. Ұлы Отан соғысының ардагері еді. Әңгімені де қызықты етіп, образға кіре түсіп айтатын. Есте сақтау қабілеті зор болғандықтан ба, Ұлы Отан соғысы кезіндегі басынан кешкен оқиғаларын сағаты, күні, айымен қоса жаңылмай айтып әңгімелейтін. Сол себепті ме, әрі шақырған жерден қалмай, уақтылы келіп тұратындықтан ба, мектеп мұғалімдері, әсіресе тарихшылар көбіне мектептегі кездесулерге Оразбай көкені шақыратын.

Ол кісі кешігуді, өтірік айтуды, сылтау айтуды ұнатпайтын таза ардагер болатын. Осындай Оразбай көкеміз бен Сақыпжамал апамыздың шаңырағында төрт ұл, бес қыз өсіп өнді. Үлкені Тұрғанкүл апамыз, ұлдың үлкені Темірхан ағамызды, ол кісінің жары, менің әкеміздің шәкірті Балқия Момынқызы, әрі нағашы апам, Сейілхан ағамызды, Мейірхан ағамызды, ол кісінің жұбайы Несіпкүл апай, менің Марат жездемнің қарындасы, Әтіркүл әпкемізді, одан кейін Асылхан ағамызды, Жұпаркүл мен Аманкүл әпкемізді, кейін Жанна қарындасымызды жақсы білемін. Темірхан аға 1977 жылы Жамбыл облысындағы фосфор зауытының іргетасы қаланғаннан бастап сол зауытта снабжение бөлімінің бастығы болып абыройлы қызмет атқарды. Жұбайы Балқия әпкеміз зейнеткер. Көп жылдар университетте мұғалім болып қызметтер атқарды. Темірхан ағаның үлкені Өмірзақ аудит, келіншегі темір жол саласында, Екінші ұлы Абзал облыстық ауруханада дәрігер. Келіні Насихат темір жол саласында қызмет атқарады. Қызы Мөлдір ғылым кандидаты, доктор. Университетте ұстаз. Аманкүл Үсенова мектепте пионер вожатый болатын. Алғыр, білім құмар оқушы

лов Нұрлан сияқты аудандағы «Қазпошта» мекемесінің басшыларымен қоян-қолтық қызметтес болыпты. Мейірхан Оразбайұлы 1959 жылы Созақ ауданы Қарағұр ауылында дүниеге келген. 1966-1976 жылдары аралығында Ф. Энгельс атындағы орта мектебінде білім алады. Мектеп бітірген соң бір жыл ауылдағы совхоздың құрылыс саласында жұмыс істейді. Малшылардың қыстауын жөндеу, мал қашыру пунктерін реттеу, есік-терезесін қалпына келтіру, совхоздың есебіндегі тұрған үйлерді күрделі жөндеуден өткізу жұмыстарын атқарады. Одан бөлек көктем, күзгі мал қырку, мал тоғыту, жиын-терім жұмыстарына да араласып өржетті. 1977 жылы әскер қатарына шақырылып, жас сарбаз Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп, 1979 жылы туған ауылына оралады. Әскерден оралған жылы

нан бөлек Тараз университетін, Оңтүстік Қазақстан университетінің есепші мамандықтары бойынша білім алып шығады. Мейірхан Оразбайұлы әр жылдардағы ауыл, аудан әкімдерінің (А.Аймұрзаев, С.Әбдіқұлов, Б.Мейірбековтің), «Қазпошта» АҚ-ның Түркістан облыстық филиал басшысы М.Аязовтың, кәсіподақ ұйымының басшысы Қ.Абдрайымовтың, аудандық бөлімінің, аудандық мәслихатың Құрмет грамоталарымен Алғыс хаттарымен марапатталып, бағалы сыйлықтарына ие болады.

Басшы мақсаты, «Елге қызмет-басты міндет» деген тәмсілді басты ұраны санайтын Мейірхан Үсенов Созақ ауданының газет-журнал жазылу науқаны шарасында алдыңғы орынды ешбір бөлімшеге берген емес. Несін жасырамыз. Аяғы «Созақ үнінен» бастап, «Егемен Қазақстан», «Оңтүстік Қазақстан», «Уақыт», «Дөңгеленген дүние» газет-

әйтеуір не оқығың келеді бәрі бар-деймін. Содан зейнетақысын аларда аудандық облыстық газеттерге бір-бір данадан жазылып жатады. Осы еңбегімді елеген газет басшылығы да марапаттап құрмет көрсете білді,-дейді Мейірхан аға.

Мейірхан ағаның екінші бір қыры ағайын, туыс, жора-жолдас, ауыл болсын олардың басына түскен жағдайларынан тыс қалмайтындығы. Солар үшін бәйек болып, араағайындыққа түсіп, беттің арын белбеуге түйіп арашасы болып жүретінін де байқаған болатынмын. Адам деген пенде. Пенде болған соң бүкіл ауыл тұрғындарына жағу, олардан ұдайы жақсы сөз есту де мүмкін емес. Бірақ Мейірхан аға туралы жүрген жерімде ылғи жақсы сөз, алғыс ризашылықтар есіттім. –Зейнеткерлердің жүріп-тұруға жайрайтындарына поштаның карточкасын алып бердім. Ал үйден шыға алмайтын науқас, қарт кісілерге қолмен апарып береміз. Көп кісілер ұлдары мен қыздарына, келіндеріне сенім хат беріп қойған. Кейде өздері алғысы келеді. «Мен қанша зейнетақы аламын осы?» деп сұрайтындары да болады. Сонда «апа зейнетақыңызды алдым. Пәлен теңге болыпты» деп айту ұлына немесе келініне қиын ба екен? деп іштей таң қаламын. Апаңа қанша алғаныңды айтып тұрсаң!» десең ренжиді. Қарт кісілер бала сияқты ғой. Жылы сөз айтсаң, айтқанын екі етпесең балаша қуанып мез болып қалады,-дейді зейнетінің бейнетін көріп отырған Мейірхан аға.

Мейірхан ағамыз бен Несіпкүл апайдың тараған ұрпақтарына келсек, Азиз кірпіш зауытында снабженец, жоғары білімді, халықаралық қазақ-түрік университетін бітірген. Әзіздің келіншегі Лаура аталмыш университетте ұстаздық етеді. Дәулет Шымкент қаласының Қаратау ауданында ішкі істер бөлімінде қызмет етеді. Шені майор. Заң академиясының түлегі. Дәулеттің үйіндегі келін Гүлшат бала бақшада тәрбиеші болып еңбек етеді. Кенжесі Нұрсара мектеп оқушысы, оқу озаты. Дулат, Кәусар, Аят, Нұрай, Ислам, Арай, Айзере атты немерелері атасы мен әжесінің көз қуаныштары.

Алдағы уақытта Қарағұр ауыл әкімдігі, ауылдық ардагерлер бастауыш ұйымы, аудандық «Қазпошта» Ақ бөлімі Мейірхан Оразбайұлы Үсеновті құрметті азамат атағына лайықты деп ұсыныстарын білдірер деген үміттеміз. Әрине, кейінгі ұрпаққа үлгі, өнеге, зор мотивация беретін ерең еңбек адамдарын құрметтей білу игілікті істің бастауы болары анық.

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**



Шымкент қаласындағы химия-технология институтының дайындық бөліміне инженер-құрылысшы мамандығы бойынша құжат тапсырып, 1985 жылы ойдағыдай бітіріп шығады. 1985 жылдан 2004 жылға дейін совхозда, кейін Қарағұр өндірістік кооперативінде ферма есепшісі, есепші, бас есепшінің орынбасары, бас есепші қызметтерін абыроймен атқарады. 2004 жылы тамыз айында «Қазпошта» мекемесі басшылығынан Қарағұр ауылдық пошта байланыс бөлімшесіне пошта бастығы қызметіне ұсыныс түсіп осы салаға ауысады. Кезінде Ф.Энгельс совхозында Жайынбаев Қасымбек, Әбілдақызы Сақыпжамал қызмет атқарып ел есінде жақсы істерімен есте қалды.

Өмір жолында ұдайы білімін жетілдіру мақсатында бірнеше жоғары оқу орындарын бітірген. Атап айтқанда химия-технология институты-

теріне міндетті түрде жазылу керектігі туралы басшылық тарапынан тапсырма түсіп жатады. Сол тапсырманың үдесінен шығып ауыл тұрғындарының арасында көзі қарақты оқырмандарды газет-журналға I-II жарты жылдықтарға жазылу жұмыстарын насихаттап сол ізгі насихатының ауыл мерейі асқақтай түседі. Аудан бойынша газет-журналды оқудан, жазылуда алдыңғы үш орыннан, яғни көш басынан Қарағұр пошта байланыс бөлімшесі төмен түскен екен.

–Мен өзім қызмет атқарған 19 жыл ішінде әсіресе «Оңтүстік Қазақстан», «Созақ үні» газеттеріне ауыл тұрғындары тұрақты жазылуы үшін тиісіне үздіксіз жұмыс жасадым. Мысалы, бір отбасыға алдыңғы жарты жылдыққа жазылдырсам, келесі жарты жылдыққа оны босатып келесі отбасыны аламын. Қарағұр Шаға, Раң ауылдарында 3310 тұрғын бар. Ол

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңына сәйкес, ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 31 желтоқсанындағы №2331 қаулысымен ауыл шаруашылық жануарларын бірдейлендіру ЕРЕЖЕСІ бекітілген. Бірдейлендіру (сырғалау) – ауыл шаруашылығы жануарларын сырғалау арқылы жеке бірдейлендіру нөмірін берумен қатар, паспорттау

1. Жапсырмалау (ірі қара мал, уақ мал, түйе, шошқа).  
2. Таңбалау (жылқы).  
3. Чиптау (электрондық бірдейлендіру түрі).  
Аудандық қала, кент, ауылдық округтер ветеринариялық дәрігерлері компьютер арқылы АШЖБ дерекқор базасына енгізеді және ауыл шаруашылық жануарларын бірдейлендіру туралы деректерді күнделікті интернет байланысы арқылы

ларға ортақ аса қауіпті аурулардың алдын алу, республика аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ мал ұрлығын болдырмау. Мал басын бірдейлендіру шаралары барысында мал иесіне мал басы толықтай бірдейлендіруден өткеннен соң ғана анықтама беріледі және мал союға рұқсат етіледі.  
Ескерту: мал иелері өз

## Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру туралы

жүргізу рәсімі, әрбір малға төлқұжат беріліп, өзінің жеке нөмірі болады. Ауыл шаруашылық жануарларын бірдейлендіру рәсімі мал егесінің есебінен жүргізіледі. Қазақстан Республикасының барлық аумағындағы ауыл шаруашылық жануарлардың барлығы бірдейлендіруге жатады. Ірі қара және ұсақ малдардың төлдерін, сондай-ақ боталарын туғаннан кейін 7-10 күн өткен соң кешіктірмей бірдейлендіреді. Құлындарды 4 айлық жасында, торайларды бір айға бірдейлендіреді. Бірдейлендіру жұмыстары мынадай тәсілдермен жүргізіледі.

ауданның ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарының бөлімшесіне жібереді. Ішкі сауда орындарына, мал базарларға өткізетін ауыл шаруашылығы жануарлары міндетті түрде ветеринариялық паспортпен және құлағындағы сырғасымен алып бару қажет. Құлағында сырғасы, жамбасында таңбасы не ветеринариялық анықтамасы болмаған жағдайда, ауыл шаруашылығы жануарлары оқшаулануы, мал иелеріне әкімшілік шара қолданылатын болады.  
Бірдейлендірудің басты мақсаты адам мен жануар-

иелігіндегі жануарларды бірдейлендірмеген жағдайда, ҚР-ның «Ветеринария туралы» Заңының 25-бабы, 5-тармағына сәйкес әкімшілік шара қолданылып айыппұл салынатындығын ескертеміз. Сырғаланбаған ауыл шаруашылығы жануарлары мал базарға кіргізілмейді. Қолда бар жануарларды бірдейлендіруден қалдырмаңыздар!!!

**Р.СУЛЕЙМЕНОВА,  
ТО ВБ «Ветеринариялық қызмет» ШЖҚ МКК Созақ аудандық филиалы паразитолог маманы.**

## Инъекциядан кейінгі асқынулардың себептері

Әртүрлі медициналық манипуляциялардың көп таралуы соңғы уақытта инъекциядан кейінгі асқынулардың өсуіне әкелді. Біріншіден, инъекциядан кейінгі асқынулардың қандай екендігі туралы айту керек. Негізінен бұл жергілікті асқынулар. Яғни, инъекция орнында пайда болатын және бүкіл денеге айтарлықтай әсер етпейтіндер.

Инъекциядан кейінгі асқынулардың дамуының негізгі факторлары: эндогендік (ішкі факторлар); экзогендік (сыртқы әсер ету факторлары).

Инъекциядан кейінгі қабыну асқынуларының негізгі себептері: енгізілген препараттардың физикалық-химиялық қасиеттері; инъекция кезінде гематоманың пайда болуы және іріңдеуі; инъекциялық ине сипаттамаларының инъекция түріне сәйкес келмеуі; инъекцияның дұрыс емес техникасы; иммундық қорғаныстың төмендеуі; қолданылатын антибиотиктерге төзімділіктің жоғарылауымен патогендік микрофлораның өзгеруі; асептикалық жеткіліксіз сақталуы; патогенді стафилококктың болуы; аутоинфекция; оппортунистік инфекция; ағзаның иммундық қорғанысының төмендеуі.  
Асептика ережелерін бұзуға байланысты асқынулар

Инфильтрат- қабыну ошағында пайда болатын көлемі ұлғайған және тығыздығы жоғары тін аймағы.

Инфильтраттың белгілері - инъекция орнында тығыздаудың пайда болуы, ауырсыну, гиперемия, жергілікті температурааның жоғарылауы. Инъекциядан кейінгі инфильтрат инъекция орнында инъекция техникасын бұзу, қысқа инелерді пайдалану, қыздырылмаған май препараттарын енгізу, бір жерде бірнеше рет инъекция жасау салдарынан пайда болуы мүмкін. Инфильтрацияның пайда болуын алдын алу мақсатында инъекция кезінде асептика ережелерін және инъекция техникасын қатаң сақтау қажет. Егер инфильтрат пайда болса, инъекция орнын антисептикпен өңдеу керек, қыздырғыш (жартылай алкоголь) компрессін қолданыңыз. Инфекция қосылған кезде инфильтрат іріңдеп кетуі мүмкін. Бұл жағдайда абсцесс пайда болуы мүмкін.

Абсцесс – жұмсақ тіндердің қабынуы, ол іріңді қуыстармен толтырылған және айналасындағы тіндерден пиогенді мембранамен шектелген. Инъекциядан кейінгі абсцесс жағдайында инъекция орнында ауырсыну, қатаю және гиперемия пайда болады. Жергілікті және жалпы қызбамен, жалпы әлсіз-

дікпен, бас ауруымен сипатталады. Абсцестің пайда болуының міндетті шарты инфекцияның қосылуы болып табылады. Абсцестің пайда болуын болдырмау үшін инъекция техникасын, инъекция кезінде асептика ережелерін сақтау керек. Абсцесті хирург іріңдікті ашу арқылы емдейді.

Сепсис – көктамырға дәрі құю кезінде асептика ережелерін өрескел бұзу кезінде, сондай-ақ көктамыршілік инфузиялар үшін стерильді емес ерітінділерді пайдалану кезінде туындайтын асқынулардың бірі болып табылады. Емдеу мамандандырылған медициналық мекемелерде жүзеге асырылады.

Кез келген инвазивті процедуралар инфекцияға әкелуі мүмкін. Әртүрлі ауруханалық инфекциялар арасында инъекциялық араласудың жоғары жиілігіне байланысты инъекциядан кейінгі асқынулар ерекше орын алады. Сондықтан санитариялық-эпидемиологиялық режимді, асептикалық және антисептикалық ережелерді қатаң сақтау қажет.

**Х.ОСПАНОВ,  
Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.**

### БЖЗҚ

**Зейнетақы жинақтарының инвестициялық табысын ұзақ мерзімді кезеңде қарастыру қажет**

Зейнетақы жинақтарының ұзақ мерзімді инвестициялар болып табылатыны және ин-

вестициялық кіріс мөлшерін кем дегенде бір жыл ішінде талдаудың жөн екендігінің тағы бір дәлелі – теріс бағамдық айырманың пайда болуы және инвестициялық портфельдегі қаржы құралдарын нарықтық бағалаумен байланысты инвестициялық кірістің қысқа мерзімді өзгеруінен кейінгі салымшылардың (алушылардың) жинақтарының инвестициялық құрамдас бөлігінің қарқынды өсуі болды.

«Созақ үні»-ақпарат.

## Мен сені бар ғаламға теңейтінмін...

Бауырдың аты бауыр екен ғой. Адам баласынан бастап барлық тіршілік иелерінің ағзасында көзді, миды, асқазанды, құлақты, жүректі ауыстырып сала береді екен. Тек бауырды ауыстыра алмайды екен. Сол себепті де ет жақын, бір әке, бір анадан туылғандардың ағзалары ғана бір-біріне түседі екен. Бауыр сонысымен қымбат, сонысымен қадірлі екен. Сол қимас бауырым Ерланнан өткен жылы қапылыста айырылып алдық. Өкініш өзегімізді өртеді, ішіміз қан жылады. Неткен ауыр қаза еді. Бір емес, екі емес төрт баласы, аяулы жары қалды аңырап. Күрмеуі байлауға келмейтін мына тірлікте әрбір адам бір-бірімен сыйласып, бірін бірі қадір тұтқаннан асқан құдіретті күш болады ма?



Бауырым Ерланның ыждағатты өмір жолымен оқырмандарымыз бен қонақтарды таныстырып шықтық. Тыңдармандыққа ынтық ауыл азаматтарының Ерлан дегенде риясыз пейілі мен азаматтық қасиетін қапысыз аңғарамыз. Ерланды біреу танып, біреуі танымауы мүмкін. Сондықтан қысқаша өмірдеріміз таныстырып өтсем: -Әбілдаев Ерлан Ергешұлы 1973 жылы Созақ ауылы Тасты ауылында дүниеге келген. 1980 жылы Тасты ауылындағы Абай атындағы жалпы орта мектебінің табалдырығын аттап, 1991 жылы оқуын жақсы деген бағалармен бітіріп, Отан алдындағы азаматтық борышын өтеу үшін әскер қатарына аттанады. 1997 жылы Жанбаева Әсем Кәрібайқызымен көңіл жарастырып, шаңырақ көтеріп жанжылы болады. Екі ұл, екі қыздың әкесі еді марқұм. Екі немеренің атасы. Үлкен қызы Тоғжан тұрмыста, үлкен ұлы Мағжан отбасылы. Ерасыл мен Мерей мектеп қабырғасында оқиды. Ерланның өзі 2001 жылы «Ақ дала» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде уран саласында оператор болып қызмет атқаратын. Ал жан жары Әсем «Қызғалдақ» балалар бақшасында тәрбиеші болып қызмет атқарады.

Маңдайға басылған мөр мен жазылған жазуды ешкім өшіре де, өзгерте де алмайды... Біз енді бауырымызды еске алумен ғана жұбана аламыз. Өткен күннен қалатыны тек естелік ғана. Ерлан бауырымыздың бейнесі жанымыздан кетсе де, жадымыздан өшпейді. Ерлан Ергешұлы өзінің адалдығымен, аңқылдаған көңілдігімен, көпшілігімен бүкіл ел-жұртқа сыйлы да қадірлі болды. Ол жарық жалғаннан мәңгілік бақиға өткен жылы аттанды. Артында жан жары, балалары, немерелері, бауырлары, ағайын-туыс, ел-жұрты, достары мен әріптестері қалды. Бұл өмірге өшпестей із тастады. Қамшының сабындай қайран тірлік бір күні шарт сынары әмбеге аян. Өмірдің өзі күшті болғанымен, өтетіні өкінішті... «Тумақ бар жерде, өлмек те бар» дейді шарифат сөзі. Шіркін, бәрі орнымен, бәрі ретімен келсе – өкініштің өзені тасып, қайғының қара жаңбыры жаумас еді ғой. Кеше ғана арамызда күліп – ойнап, жарқылдап жүрген Ерлан бауырымыздан қапыда айрылды.

*Өмірдің біраз өткелдерін өткердің,  
Айта алмаған сөздерім де көп менің,  
Жанашырым, бауыр етім, бауырым,  
Сенсіз менің өтпес мына күндерім.  
Саған деген сағынышым сөйлемейді,  
Көз алдымда жарқын бейнең күлімдейді,  
Әлпек деген жылы сөзің қуат беріп,  
Жүрегімнің мұң-жарасын емдейді.  
Басқалардан ерекше еді сол бір келің,  
Мен сені бар ғаламға теңейтінмін,  
Нар тұлғадай азамат ең үлгі өтер,  
Бойыңнан бір кемшілік көрмейтінмін.  
Сенсіз жалған дүниеге сая алмадым,  
Мен сені қара жерге қия алмадым,  
Сені қатты сағындым ғой білесің бе?!  
Жанарымнан көз жасымды тыя алмадым.  
Бір сәтте болып қалдық сенен жырақ,  
Есімде тұрады әркез қылықтарың,  
Асыл бауыр жарқ еткен сол бейнеңді,  
Әрдайым сағынышпен еске аламын.*

Тәңірдің ісіне амал бар ма? От болып енді ғана лаулап жанып келе жатыр едің. Жыл өсте де Ерлан бауырымыздың қазасы жанымызға батып, жанымыз жабырқаулы, сағынышпен туғандары да еске алады. Өзіңмен әрбір өткен күндеріміз жадымызда мәңгіге сақталады! Мәңгілік кім бар дейсің бұл жалғанда, ортада егер өзің тірі жүрсең арман бар ма? Қапияда кеттің-ау «қош» дей алмай, жақындарға, туғандарға, бауырларға. Арамыздан кете бардың алыстап, уайым-қайғы жүректерді жаныштап. Пейіштің төрі болсын орыныңыз, рухыңа дұға оқимыз бағыштап аға! Біз сені ешқашан да ұмытпаймыз, жыл сайын сағына еске алып тұрамыз. Иман-ның өзіңе серік болсын, жатқан жерің жайлы топырағың торқадан болсын!

**Ініңіз Асқар ӘБІЛДАЕВ,  
Шолаққорған ауылы.**

## Әрбір азаматтың міндеті

Сыбайлас жемқорлық мемлекет пен қоғамның тұрақтылығына, елдің қауіпсіздігіне қауіп төндіріп, жүргізіліп жатқан экономикалық және әлеуметтік реформаларға кедергі келтіреді. Ұлт жоспары шеңберінде 2015 жылдың 18 қарашасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы қабылданды. Заңның басты мақсаты – әлеуметтік дерттің алдын алу болып табылады. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың қырылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Жалпы, біздің елімізде тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап әлемдік стандарттарға сәйкес келетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар жүзеге асырылып келеді. Сыбайлас жемқорлықтың көріністерін жою мақсатында заңнамалық актілер қабылданды. Рұқсаттар мен мемлекеттік қызметтердің алынуын жеңілдету үшін электронды үкімет пен электронды сандық қолтаңба, «бір терезе» қағидаты енгізілді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жыл-

дың 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар ел өркендеуінің берік негізі» атты жолдауында сыбайлас жемқорлықпен тиімді күресті жалғастыруды және қызырлы агенттікке жыл соңына дейін орта мерзімді кезеңдегі іс-қимылымыздың бағдарламасын айқындайтын стратегиялық қажатты бекітуді ұсынды. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Осы орайда біздің бөлімде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында жиналыстар, семинар кеңестер өткізіліп отырады. Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін бөлім қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілуде. Жалпы бұл қоғамдық дертпен күресу тек үкіметтің ғана жауапкершілігі емес қалың бұқараның да азаматтық міндеті екенін түсінгеніміз абзал. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеуіміз керек.

**Ж.БАХТЫБАЕВ,**  
**Созақ ауданы әкімдігінің**  
**кәсіпкерлік және ауыл**  
**шаруашылығы бөлімінің**  
**сектор меңгерушісі.**

### Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң талаптарын Қызметкер кенті әкімі аппаратының қызметкерлері бұзған жағдайда 8(72559) 2-00-58, 6-10-28 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

**«Қызметкер кенті әкімінің аппараты»**  
**мемлекеттік мекемесі.**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексінің мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын орындауын бақылау мақсатында Созақ ауданының Сызған ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінің 8(72546 39-245) немесе 8 702 482 90 81 сенім телефоны арқылы жеке және заңды тұлға өкілдерінің хабарламалары қабылданады.

Сызған ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінің сенім телефонынан түскен барлық хабарлама тіркеледі және жауап беріледі.

**Сызған ауылдық округі әкімі**  
**аппараты мемлекеттік мекемесі.**

## Хабарландыру

«KAZ Design & Development Group LTD» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес 2023 жылғы 1 маусымда сағат 12:00-де. Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қызметкер ауылы, мәдениет үйінің ғимаратында мекенжайы бойынша «Түркістан облысы Созақ ауданында орналасқан 2022-2023-2024 жж. Жалпақ кен орнының Геотехнологиялық полигоның кеңейту» жұмыс жобасының қоршаған ортаны қорғау бөліміне арналған ашық отырысы түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО «Түркістан облысының ТРЖТПРБ» сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында [esportal.kz](http://esportal.kz), сондай-ақ [office@kazddg.kz](mailto:office@kazddg.kz) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталда және ЖАО сайтында ұсынылады.

Қосымша ақпаратты келесі байланыстар арқылы алуға болады +77026616646, [amirzhan.dinara@gmail.com](mailto:amirzhan.dinara@gmail.com).

## Объявление

ТОО «KAZ Design&DevelopmentGroup LTD», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, сообщает, что 1 июня 2023 года в 12ч. по адресу Туркестанская область, Созакский район, п.Кызметшек, в здании дома культуры состоится общественные слушания в форме открытого собрания к Разделу охраны окружающей среды к рабочему проекту «Расширение геотехнологического полигона месторождения «Жалпак» на 2022-2023-2024 г.г., расположенного в Созакском районе Туркестанской области».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале, а также сайте МИО УПРиРП Туркестанской области.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале [esportal.kz](http://esportal.kz), а также по e-mail: [office@kazddg.kz](mailto:office@kazddg.kz).

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экологическом портале и на сайте МИО.

Дополнительную информацию можно получить по следующим контактам +77026616646, [amirzhan.dinara@gmail.com](mailto:amirzhan.dinara@gmail.com).

## БЖЗҚ Зейнетақы жинақтарын пайдалану айтарлықтай азайды

2021 жылдың қаңтарынан бастап 2023 жылдың 1 на-

урызына қазақстандықтардың уәкілетті оператор-банктерде ашылған арнайы шоттарына тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін БЖЗҚ-дан шамамен 3,2 трлн теңге аударылды. Осылайша Қор салымшылар мен алушылардың 1 351 861 өтінішін орындады. Бір өтініш бойынша алуға болатын орта-

ша сома – шамамен 2,4 млн теңге.

2023 жылғы ақпанда 3 400 өтініш орындалды. Бұл 2023 жылғы қаңтарда орындалған өтініштердің санынан сәл артық (ол кезде БЖЗҚ 3061 өтінішті өңдеді).

**«Созақ үні»-ақпарат.**

## Орманды өрттен қорғайық!

Өрт жағдайларының жартысынан астамына адам факторы отты пайдалануға бейқамдық пен абайсыздық себеп болып жатады. Сондықтан өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін барлығы білуі тиіс. Адамдар көп шоғырланған жерлерде өрт шығу қаупі бар.

Орман өрттері құрғақ ауа райы мен жел кездерінде айтарлықтай үлкен территорияға таралып кетеді. Ыстық ауа райы кездерінде, егер жауын шашын болмаса ормандар құрғап, кез – келген абайсыз жанған оттың әсерінен өрт тез таралып кетуі мүмкін. Өрттің қай жерден және қашан шығуын болжау мүмкін емес.

Орман өртінің пайда болуына көбіне адамдар кінәлі. Ол көбіне орманда өртке қарсы ережелерді білмеуінен немесе білсе де өртке қарсы ережелерді сақтамауынан, орманға келіп демалушылардан өшірілмей қалған от алаулары, сөндірілмеген темекі қалдығынан болады. Осының салдарынан құрап тұрған шөп тұтанып, үлкен өртке айналады. Егер орманшылар немесе өрт сөндірушілер тез шара қолданып, өшірмесе біраз орман жерін алып кету қаупі бар.

Сондықтан әрқайсысымыз өрт қауіпсіздігін сақтап, сөндірілмеген темекі қалдығын, жағылған сіріңкені тастамай, от алауын өшіріп, отырған жерімізді тазалап, орман өртіне жол бермей, өрттен қорғап жүрейік, ағайын!

**Қ.АБЕНОВ,**  
**Созақ орман және жануарлар әлемін**  
**қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің**  
**аға орманшының көмекшісі.**

Орманды жерлердегі өрт қаупі сәуір қараша айының аралығында өте қауіпті. Себебі, күннің шамадан тыс ыстық болуы, өсімдіктердің құрауы, өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталмауының соңы алапат өртке ұрындырады. Бұл өз кезегінде табиғат анаға залал келтіріп, ондағы өсімдіктердің, аң құстардың жоюлуына алып келеді. Бүгінде орманды жерлердегі өрттің алдын-алу, ондағы аң құстарды аялап, браконьерлерден қорғау ауданында аудандық орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі қызметкерлері тиісті шараларды атқарып келеді.

Орманда сөнбеген шырпыны, темекі қалдығын тағы басқа тез тұтанатын заттарды тастауға болмайды. Ауылдан шығарған күл-қоқыстарды ормандардың жанына апарып өртеуге болмайды.

Табиғатты қорғаңыздар. Туған жердің табиғатына салақтық танытып, немқұрайлықпен қарағандар орны толмас шығын әкеледі. Бұл туралы бәріміз білеміз, бірақ әркімнің көңілінде сақтала бермейді. Өрт тілсіз жау екендігін тағыда ескертеміз, сақ болыңыздар.

**С.ӘДІЛБЕКҰЛЫ,**  
**Созақ орман және жануарлар**  
**әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің күзетші-қорықшысы.**

## Дүниежүзілік иммунизация апталығы!

Жыл сайын сәуірдің соңғы аптасында 23-29 сәуір аралығында әлемде иммунизация апталығы өтеді. Вакцинация – денсаулық сақтаудың ең үлкен жетістіктерінің бірі. Ол бүкіл әлемде инфекциялармен күресудің ең тиімді, үнемді және қолжетімді құралы ретінде мақұлданды.

2023 жылы Дүниежүзілік иммунизация апталығы «Кең ауқымды толықты-

ра иммундау!» ұранымен өтеді.

Жыл сайынғы иммунизация апталығының мақсаты халықтың назарын аудару және иммунопрофилактиканың адам денсаулығы мен әл-ауқаты үшін маңызы туралы хабардар ету.

Халықты иммунизациялау дегеніміз не және ол не үшін жасалады?

Иммунизация – адамның жалпы инфекцияларға қарсы иммунитетін нығайту және организмнің жұқпалы агенттердің әсеріне қарсы тұру қабілетін арттыруға бағытталған процесс. Халықты вакцинациялау үшін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, сондай-ақ Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен егу құрамдары қолданылады.

Иммунизацияның мәні иммунитеттің қарсы реакциясын тудыру үшін организмге әлсіреген немесе өлі микроб-

тар түрінде вакцина салу болып табылады. Организм әлсіреген патогендік микрофлорамен бетпе-бет келгенде, белсенді түрде антиденелер бөліне бастайды, олар кейіннен күнделікті өмірде патогендік микробтармен соқтығысқан кезде қорғаныс рөлін атқарады.

**Иммунизацияның түрлері:**

Белсенді иммунизация иммундық жүйенің реакциясын тудыру үшін тірі, әлсіреген немесе өлі микроорганизмдер түрінде антиген енгізуді білдіреді. Адамның иммунитеті жеткілікті мөлшерде антиденелер бөлгенде, тек 2 аптадан кейін нәтиже болады. Алайда, белсенді иммунизацияның әсері 1 жылдан бірнеше онжылдыққа дейін сақталады.

Пассивті иммунизация – организмге жұқпалы аурулардың кейбір қоз-

дырғыштарына қарсы дайын антиденелерді енгізу. Иммунизацияның бұл түрі бірден әсер етеді, сондықтан оны ауру өршіп кеткен жағдайларда қолдануға болады. Нәтижесі жылдам болуына қарамастан, пассивті иммунизацияның әсері қысқа, 1 аптадан 6 аптаға дейін созылады. Сондықтан ұзақ мерзімді қорғаныс қажет болған жағдайда белсенді иммунизация әдісі қолданылады.

Есіңізде болсын! Вакцинация – инфекциялармен күресудің аса маңызды құралы. Бұл жұқпалы аурулардың жаһандық ауыртпалығын азайтудың негізгі факторы!

**Е.ТӨРЕБЕКОВ,**  
**Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшы м.а.**

# СОЗАҚТЫҢ ҚЫЛ ҚАЛАМ ШЕБЕРЛЕРІ

**Созақ ауданында сурет өнері уақытында жақсы дамыды. Оның айғағы есімі әлемге танылған этнодизайнер Аманжол Найманбайұлы, Биболат Работов, Жұмахан Отаров, Фасыр Әмет пен Мәмбет Уәли, Тілеу, Сиязбек Есжанов, Сәрсенбек Көлішкбаев, Бақыт Күзембаев, Ақәділ Атаханов, одан берісі Қазақстан суретшілер Одағының мүшесі Ақмарал Байғараева, Ғылым Маймақов, Айдар Бәйгебаев есімді ұл-қыздарымыз халыққа өнерлерімен біртіндеп танылып жатыр. Олардың біршамасы тек аудан әкімдігінің, өзі атқаратын мекеменің шеңберінде ғана тапсырмалы жазу-сызумен, суретпен айналыса, енді біршамасы кәсіби суретшілер. Артында өлмейтін, өшпейтін мұра қалдырып кеткен, қалдырып жүрген суретшілеріміз бар. Осы аталған суретшілеріміздің ішінде арнайы білім алмаса да әуесқойлықпен бастағандары да кездеседі. Өткен жолы ауданымызда өткен бір шарада біршамасының басы қосылып қалды. Сол шарадан кейін Созақ ауданының 95 жылдығына орай «Созақтың қыл қалам шеберлері» деген атаумен оларды аудан жұртшылығына кеңінен таныстырсам деген ой келді. Бүгінгі күні сол ойымның сәтімен бір шамасын жариялағалы отырмын. Солардың біссімлігін санау түкпірдегі Қыземшек ауылынан бастап отырмын. (Әрқайсысының жасына, атақ дәрежесіне қарайтын болсам ұзақ күтіп қалатын болдым. Сол себепті дайындарын жіберіп отырмын).**

## Қиян ауылдағы қылқалам шебері

Суретші Бәйгебаев Айдар Әлижанұлы 1995 жылы 6 шы мамыр күні Түркістан облысы Созақ ауданы Қыземшек кентінде дүниеге келген. Сол ауылдағы Ләнде Бекенов атындағы жалпы орта мектебінде білім алады. Мектепте 5-ші сыныптан бастап сурет өнеріне қызығып, жеке шығармашылығымен ұстазы, қыл қалам шебері Ақмарал Байғараева-ның көзіне түсіп, шәкірті болады.

«Халықтар достығы» университетіне сырттай қажаттарын тапсырып «Бейнелеу және сызу» мамандығын алды. Қазіргі таңда сол мектепте бейнелеу пәнінен сабақ беріп келеді. Ақмарал апайы сияқты шәкірттер тәрбиелеп өнердің шыңына шығырып шамшырағын жағып жатыр. Атап айтқанда Айдардың шәкірттері ішінен 2020 жылы оқушылар арасында «Түркия тарихы» тақырыбындағы республикалық сурет байқауында және 2021 жылы өткен аудандық «Бақытты болашақ үшін: ашық қоғам, парасатты азамат, адал ұрпақ» сурет байқауында Бәйгебай Ернар қатарынан екі рет 3-ші орын-

респуликалық шығармашылық байқауында бейнелеу өнері бойынша бас жүлдеден бастап барлық орындарды Шаттық Ақсезім, Сүйінбай Асылзат, Өмірқұл Ақбота, Серікқызы Аружан атты талантты шәкірттері иеленген еді. 2022 жылы Түркістан облысы бойынша «Тәуелсіздік биік болсын тұғырың» атты сурет байқауында 3-ші орынды Қалдыбекқызы Аяулым, ал аудандық «Бақытты болашақ үшін: ашық қоғам, парасатты азамат, адал ұрпақ» сурет байқауы үздік өнері үшін номинацияларды Үсен Ернұр мен Құтжанова Алина, Бәйгебай Бейбарыс есімді талантты оқушылары иеленді. Айдардың өз қолынан шыққан «Арпалыс», «Түркістан», «Алатау бөктері», «Шайқас» атты төл туындылары көрермендерінің ыстық ықыласына бөленді.

## Қолына түскен затқа жан бітірген

Маймақов Ғылым Беркімбекұлы 1969 жылы 8 шілде күні Сызған ауыл әкімшілігіне қарасты Қозмалдақ ауылында туылды. Ол 1976 жылы Фани Мұратбаев атындағы жалпы орта мектептің 1-сыныбына барып оны 1986-жылы бітіріп шықты. Мектепте жүргенде сурет-сызу пәндері бойынша үйірмеге қатысып өзінің қабілеттілігін таныта бастады. Ол үнемі түрлі әр-түрлі сурет байқауларына қатысып жүлделі орындарға ие болып жүрді. Сабақ үлгерімі жақсы, әрі тәртіпті, үлгілі болды. 1986-1987 жылдары Созақ ауылындағы училишеде көлік жүргізуші мамандығы бойынша оқып бітірді. Ол учас-

лу» мамандығы бойынша оқып бітіреді. 2001 жылдан бастап аталған мектепке сызу және сурет пәндерінің мұғалімі болып ауысты. Ол осы кезеңнен бастап өзін білікті маман ретінде өзін ұжымға таныта білді. Оның бір дәлелі ретінде Ұлы ақын, жырау, жыр алыбы Ж.Жабаяевтың туылғанына 160 жыл толуына орай облыс оқушылары арасында өткен байқауда Ғылым ұстаздың тікелей өз тобындағы шәкірттері мен мектеп оқушылары жүлделі орынды жеңіп алып, мақтау қағазымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. «Қазақстан болашағы балалар көзімен» атты плакаттардың республикалық конкурсында жүлделі орынды оның оқушылары тағы да жеңіп алып, ұйымдастырушылардың арнайы дипломдарымен марапатталды. Сонымен қатар, оның өзінің де маман ретінде және оқушыларының да өнерлі, талапты шәкірттері ретінде аудан, облыс көлемінде алған көптеген алғыстары мен мақтау қағаздары жеткілікті. Ол өзі 2017 жылы облыстық «Білімді ел-мәңгілік ел!» атты өнер фестивалінде қол өнер шығармашылығы бойынша еңбегі жоғары бағаланып мадақтама қазағымен марапатталды. Оның шығармашылық жұмыстары аудан облыс баспасөз беттерінде жиі жарияланып тұрады. Қазіргі уақытта ол технология және көркем еңбек пәндерінің мұғалімі болып қызмет атқарып жүр. Ғылымның шеберлігіне таңқалатынымыз қолына талдың бұтағы түссе одан ирелендеген жыланның нобайын, сүйек, мүйіз, ағаш түссе сан түрлі сувенирлерді әп сәтте даярлап, жоннып, тегістеп, лактап бір кісі қызығарлықтай дүние жасай салады.



Ұстазы Ақмарал бейнелеу өнерінің қыр сырын меңгертіп қолына қыл қалам алғаш ұстатқан ұстазы еді. Мектептің тоғызыншы сыныбын аяқтап, кейін 2011 жылы Шымкент қаласындағы Әбілхан Қастеев өнер және дизайн колледжіне оқуға түсіп, «Қондырғылы кескіндеме» мамандығы бойынша 2015 жылы оқуын тәмамдап, өз ауылындағы Ләнде Бекенов атындағы жалпы орта мектебіне үйірме жетекшісі болып жұмысқа тұрады. Содан кейін жоғары білім алу үшін Шымкент қаласындағы Ә.Қуатбаев атындағы

ды иеленсе, республикалық «Тәуелсіздік- Мәңгілік елдің тұғыры» атты сурет байқауында Сағындық Жанель 1-ші орынды иеленді.

Ал 2021 жылы «Жаңа жыл ғажайыптары» атты республикалық шығармашылық байқауында Құтжанова Алина мен Сыздық Арман атты оқушылары, «QAZMEKTER.KZ» Әдіс-темелік-олимпиадалық сайты ұйымдастырған «Қыс ғажайыбы» атты сурет байқауында Сүйінбай Асылзат, Сыздық Арман, Сағындық Жанель атты шәкірттері, «Ұлы дала ұрпағы»



кесінде жүргенде безендіру жұмыстарына қатысып училише басшылығы тарапына мақтау қағаздарымен алғыстар алды. 1990 жылдары Фани Мұратбаев атындағы жалпы мектепке көркемдеуші безендіруші ретінде жұмысқа қабылданды. Ол бұл кезеңде көптеген жұмыстарды абыроймен атқарып мектеп, ауыл әкімдігі басшылығы тарапынан алғыстармен әр түрлі марапаттарды иеленді. 2000-2001 жылдары Шымкент қаласындағы мемлекеттік университетті, яғни, жоғары оқу орнының «Бастауыш сынып, еңбекке бау-

Ғылымның «Ұлы дала», «Жыланбас», «Қобыз үні», «Дала дүбірі», «Шаңырақ» және тағы басқа шығармашылық өнері елге етене таныс. Сондықтан да болса керек ол жүрген жерінде әрбір затқа, айналасына зер салып байыппен мән беріп жүреді. Ол ұжым арасында беделді әрі сыйлы Маймақов Ғылымның мұғалім маман ретінде алар биіктері әлі алда. Ол әліде көптеген тәрбиелі де, сапалы, шебер шәкірттер тәрбиелей беретініне сенімді мол.

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**  
(Жалғасы бар).

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

**Директордың міндетін**  
уақытша атқарушы:  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
Сайлаубекұлы

**Бас редактор:**  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
Сайлаубекұлы  
Жауапты хатшы  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы:

Аға тілші-  
Нұржамал МАЙУСОВА  
Тілшілер-  
Данияр БЕКОВ  
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ  
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ  
Дизайншы-  
Асхан БАҚТЫБАЕВ  
Терішші-  
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта  
аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.